АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ГОРОДА АТЫРАУ

АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

22 19 мамыр
20____ жылғы «____»_____
Атырау қаласы

№_____
город Атырау 1101

012 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві» бағдарламасы бойынша қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексін, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабын, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 14 сәуірдегі №170 «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың болғанын негіздейтін материалдарды ұсыну, оларды оқшауландыру және тарату жөніндегі іс-шаралар, материалдық - техникалық есептеулер, қаржы және адамзат ресурстары» бұйрығын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №325 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» қаулысын басшылыққа алып және Атырау қаласы әкімінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі №19 «Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» шешіміне сәйкес, Атырау қаласында орналасқан көп қабатты тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың дауылды желден кейін орын алған ақауларын жою бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстарына сай қаражат көзін төлеу мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Атырау қалалық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 012 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві» бағдарламасының 100 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының төтенше резерві» кіші бағдарламасынан «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 106 «Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті

Сериялық нөмірсіз бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ. Көшірмесі бабын сақтау үшін көшірмесі пенсияға жасалады, бе нгенен тарпшен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при сохранении необходимости делаются в ограниченном количестве. ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

001426

атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасына 185 579 391 (бір жүз сексен бес миллион бес жүз жетпіс тоғыз мың үш жүз тоқсан бір) теңге, яғни «KMK International» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 63 429 925 (алпыс үш миллион төрт жүз жиырма тоғыз мың тоғыз жүз жиырма бес) теңге, «Аққайнар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 61 554 630 (алпыс бір миллион бес жүз елу төрт мың алты жүз отыз) теңге және «СК СтройГарант» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 60 594 836 (алпыс миллион бес жүз тоқсан төрт мың сегіз жүз отыз алты) теңге қаражат бөлінсін.

2. «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулының 1-тармағына сәйкес бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Қала әкімі **М.Қалауи**